

02-11

ҚЫЗДАРМЕН ЖҰМЫС



«Сыр мен сымбат»
қыздар клубының жылдық жоспары

2024 - 2025 оқу жылы				
к/с	Атқарылатын жұмыстар	мерзімі	Түрі	Жауаптылар
1	5-11 сынып қыздарының есебін алу, қыздар жұмысын ұйымдастыру «Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі» тақырыбында баяндама	Қыркүйек	Жиналыс	ДТЖО: С.Уринбекова Мед. З.Бабанова Қыз.тәр: А.Аяпова Психол: Г.Лесова
2	Жергілікті аурухана дәрігерлерімен «Қыздардың жеке гигиенасы» жайлы тақырыпта дәрістер ұйымдастыру	қазан	Дәрістер	ДТЖО: С.Уринбекова Мед. З.Бабанова Қыз.тәр: А.Аяпова Психол: Г.Лесова
3	«Ерте жүктіліктің ертеңі қандай» «Ерте жүктіліктің алдын алуы» жиналыс өткізу	қараша	Байқау	ДТЖО: С.Уринбекова Мед. З.Бабанова Қыз.тәр: А.Аяпова Психол: Г.Лесова
4	«Бүгінгі бойжеткен ертеңгі ...» тақырыбында баяндама оқу, қыздар арасындағы келеңсіз жағдайлар туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу	желтоқсан	Жиналыс	ДТЖО: С.Уринбекова Мед. З.Бабанова Қыз.тәр: А.Аяпова Психол: Г.Лесова
5	«Қыз бен ұлдың арасындағы достық» тақырыбында 5-8 сынып қыздарына дәріс оқу. Салт -дәстүрді, қастерлеп тәрбиелі, инабатты,өнерлі,білімді бола білейік.	желтоқсан	Тренинг сабақ	ДТЖО: С.Уринбекова Мед. З.Бабанова Қыз.тәр: А.Аяпова Психол: Г.Лесова
	«От басып қалмашы қазақ қызы» ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қыздар арасында әңгіме өткізу	қаңтар	Әңгіме	ДТЖО: С.Уринбекова Мед. З.Бабанова Қыз.тәр: А.Аяпова Психол: Г.Лесова
	«Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты баяндама Ерте жүктіліктің қауіпі қандай? (Сауалнама)	ақпан	Іс шара	ДТЖО: С.Уринбекова Мед. З.Бабанова Қыз.тәр: А.Аяпова Психол: Г.Лесова
	«Қыз баланың бой жетуі» тақырыбында 7-10 сынып қыздар арасында жиын өткізу	наурыз	байқау	ДТЖО: С.Уринбекова Мед. З.Бабанова Қыз.тәр: А.Аяпова Психол: Г.Лесова
	«Ерте жүктіліктің алдын алуы» жиналыс өткізу «Жыныстық қарым-қатынас арқылы жұғатын аурулар» слайд көрсету	Сәуір	Жиналыс баяндама	ДТЖО: С.Уринбекова Мед. З.Бабанова Қыз.тәр: А.Аяпова Психол: Г.Лесова
	Жылдық қорытынды жиналыс «Озар елдің қызы мінезді келеді» дөңгелек үстел	мамыр	Жиналыс Дөңгелек үстел	ДТЖО: С.Уринбекова Мед. З.Бабанова Қыз.тәр: А.Аяпова Психол: Г.Лесова

Дайындаған ДТЖО:

С. Уринбекова

№57 Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің қыздар арасында өткізілген жиналыстың хаттамасы

24.10.2024 жыл

Бірлік ауылы

Қыздар : 131

Күн тәртібінде:

1. «Қызды қырық үйден тыйым» (баяндама)
2. Түрлі мәселелер


Тыңдалды:

1. Бірлік ауылы кеңесінің төрайымы С. Мұхтарханова «Қызды қырық үйден тыйым» жайлы баяндама оқыды. Баяндамада қыздардың тәртібі, мінез-кұлқы, киімдері, қыздардың мектептегі жүріс-тұрысы жайлы, бұрынғы кездегі қыздар мен қазіргі кездегі қыздар арасындағы тәртіп, тәрбие жайында айтты. Осы тақырыпта қыздар өз ойларын ортаға ашық түрде салды. Қыздар тәрбиеге ата-ананың, мұғалімдердің де ықпалы зор екендігін айтып өтті. Мектеп қабырғасында әрдайым формамен жүру керектігін айтты. Тәртібі нашар қыздарға қатаң ескертулер жасады.
2. Екінші мәселе бойынша мектебіміздің тәрбие жөніндегі орынбасары С. Уринбекова сөзге шығып, газет беттеріндегі «Қызға қырық үйде тыйым» секілді мақалалардың астарында көптеген тәрбиелі сөздер айтылатындығы түсіндірді. Оқушы қыздарымызғы тәрбиелі мағыналы мақалаларды оқу керектігін айтып өз сөзін аяқтады. Мектеп медбикесі З. Бабанова сөз алып қазіргі заманда кәмелетке толмаған қыздар арасында болып жатқан жүктілік жайлы сөз қозғады. Әр қыз баланың жаман әдеттен аулақ ұстауы жайлы айтып өтті. Қыздар кеңесінің төрайымы Аяпова Алия қазақ қыздарына тән инабаттылық, сәлемдесу, алдыңғы және кейінгі қыздарды салыстырып тек жақсы қасиеттерін бойларына сіңірудің жөн екендігін сөз етті.

Қаулы етеді:

1. С. Мұхтарханованың «Қызды қырық үйден тыйым» тақырыбы аясында қыздармен жұмыс жандандырылсын
2. Ұстаздардың берген ақыл – кеңестері қанағаттанарлы деп табылсын.

Мектеп қыздар кеңесінің төрайымы :
Бірлік ауыл округі әйелдер кеңесінің
төрайымы:
Хатшы:

 А. Аяпова
 С. Мұхтарханова
 Г. Турмаханова

Күн тәртібінде:

- 1.Ерте жүктіліктің алдын алу.
2. Қыздардың жеке бас гигиенасын сақтау.

Мақсаты : Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу.

Форма: әңгіме, сұхбат

Қатысқандар:7- 8-9-10-11 сынып қыздары

Күні: 11.01.2024 ж

Жиналыста дәріс оқығандар:

1. Бірлік ауылдық амбулатория акушері- Перизат апай

2.Қыздар ұйымының жетекшісі Аяпова А

1. Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады? Ерте жүктілік немен қауіпті? Дәрігер Перизат апай сөйледі. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады. Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді – жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылады. Бұның қиындығы жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жасаналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес! Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Жиналыста қыз балалардың жеке гигиенасы, достармен және құрбылармен күнделікті қарым – қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидалары туралы айтылды. 2. Ерте жүктілік деген не? Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала«әдейі» бәрін кері істейді. Ерте жүктіліктің қандай профилактикасы бар? Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі – проблемадан сақтану. Психологиялық кеңестермен бөлісті.

№57 Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебінде
«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында болып өткен
қыздар жиналысының өтілгені жөніндегі

МӘЛІМЕТ

№57 Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебінде қыздарды ұлттық салт – дәстүрлерді қадірлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге тәрбиелеу мақсатында «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. Жиналысқа директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Уринбекова, Бірлік ауылының Әйелдер кеңесінің төрайымы С.Мұхтарханова және Бірлік ауылдық ауруханасының акушер – гинекологі П.Бейсенбаевалар қатысып, қыз баланың бойындағы ерекше қасиеттері туралы айта отырып, өз ақыл кеңестерімен бөлісті. Қыздарға қатысты әдет - ғұрып, салт – дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, келешекте аяулы ана, асыл жар шаңырақтың құт берекесі екендігін кең көлемде айтып өтті.

Сыр мен сымбат» қыздар клубының төрайымы А.Аяпова мектеп қабырғасында қыздарға инабатты, ибалы, сабырлы, бір – бірімен сыйласа білу және де мектеп формасымен жүру керек екендігіне тоқталды.

Қатысушылар келген қонақтарға өз көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, қанағаттанарлықтай жауаптар алды.

ДТІЖ орынбасарлары:  С.Уринбекова

Хаттама №2

№57 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебінде наурыз айында мектебінде қыздар жиналысы болып өтті.

Қатысушылар: 7-11 сынып жетекшілері мен қыздары

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Баяндама таныстырылым «Тазалық тәртіп басты талап»
2. Тәртіп туралы қыздарға арналған кеңес Психолог

Ағымдағы жұмыстар:

1. демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері, құқықбұзышылықтың алдын алу

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар С.уринбекова «Тазалық тәртіп басты талап» тақырыбындағы слайд баяндамамен таныстырды. өз баяндамасында өнегілі тәрбиелі қыз бала қандай болу керектігі және қыз өмірдің қызғалдағы, қыздар болашақ ана, бақыт байлық ошағы, адамзаттың өсіп-өркендеп, тәлім тәрбие алатын қасиетті ұясы екендігін түсіндірді. Оқушы қыздардың тәртібі, кәмелет жасына толмаған оқушылар арасындағы құқықбұзышылықтар туралы ескертіп, мысалдар келтіріп түсіндіріп өтті.

2 мәселе бойынша Тәртіп туралы психолог оқушы қыздар арасында, а мектептегі, көшедегі тәртіп сақтау ережелері және қыздар арасындағы ерте жүкті болу, қыз бала болашағына, денсаулығына зиян екендігін, ерте жүктілікте құқықбұзышылыққа жататыны туралы айтып түсінік берді. Қазіргі қоғамдағы қыздар арасындағы жат қылықтар туралы және оқушы қыздар арасында 13-18 жас аралығында ерте жүктілік көп кездесіп жатқандығын, кешкі жақын көшеде сағат 20-00 дан кейін шықпау, және туылған күндерді өткізбеу, қыз бала туысқандар болса да үйіне қонбау керектігі ескертіліп айтылды.

Ағымдағы жұмыстар бойынша

1. ТІЖО С.Уринбекова көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы таныстырып және сағат 20-00 дан кейін көшеге шықпау, жақын көрші ауылдарға жалғыз ата-ананың қадағалауынсыз қыдырып бармау, тау еш қандай мейрам, іс шаралар ұйымдастырмау, отырыстарды өткізбеу

Шешім:

2. ТІЖО С.Уринбекова «Тазалық тәртіп басты талап» тақырыбындағы баяндама психолог Г.Лесованың қыздарға арналған ерте жүктіліктің салдары туралы және тәртіп туралы кеңестері негізге алынсын.
3. ТІЖО С.Уринбекованың демалыс кезінде айтқан қауіпсіздік ережелері негізге алынсын.

ҚЫЗДАР ЖИНАЛЫСЫ



ҚЫЗДАР ЖИНАЛЫСЫ



Дыңдар жиналысы

